

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері**

**Санаты:** Қағидалар

**Бекітілген күні:** 25.11.2022

**Күшіне енген күні:** 25.11.2022

**Қолжетімділік деңгейі:** Ашық қолжетімділік

**Сыныптауыш бойынша нөмірі:** 2. ACAD

**Бекітуші орган:** Провост

**Тіркеу нөмірі:** 116-н/қ

**Иесі:** Студенттерді оқуға қабылдау департаменті

**Қайта қарау күні:** 13.10.2023

**Қолданылуы:** НУ және НУ талапкерлері

**Күші жойылған құжаттар:**

**Атауы:** «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

**Күні:** 29.10.2021

**Тіркеу нөмірі:** 137-н/қ

**Бекітуші орган:** Провост

## 1-бөлім. Мақсаты және қолданылуы

1.1. Осы Қабылдау қағидалары мен рәсімдері талапкерлерді қабылдау тәртібіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейді, сондай-ақ «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына қабылдау үшін талапкерлер конкурсын ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Қабылдау қағидалары мен рәсімдері (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) Мейірбике ісі бакалавриат бағдарламасын қоспағанда, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына және оның бакалавриат бағдарламасына өтінім беретін талапкерлеріне қолданылады.

## 2-бөлім. Терминдер/Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

2.1.1. **ACT** (American College Testing – Американдық тестілеу) – АҚШ-тың университеттері оқуға түсу емтиханы ретінде танитын, орта мектеп оқушыларының үлгерімін бағалайтын стандартталған тест. Тестте ұзақтығы 30 минут жазу дағдыларын бағалайтын қосымша бөлім қарастырылған (жазу дағдыларының нәтижелері бар ACT);

2.1.2. **Қабылдау мерзімдері** – конкурсқа қатысуға онлайн өтінім беруді, құжаттарды қарауды, бағалау процестерін және оқуға қабылдауды қамтитын Университетке қабылдау мерзімдері;

2.1.3. **Қабылдау комиссиясы** – бакалавриат бағдарламалары бойынша қабылдау іс-шараларын іске асыру мақсатында құрылған Университет жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

2.1.4. **Студенттерді оқуға қабылдау департаменті** – дайындық бағдарламалары, бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша студенттерді оқуға қабылдауды қамтамасыз етуге жауапты Университеттің құрылымдық бөлімшесі;

2.1.5. **A-level** (Advanced Level General Certificate of Education – Орта білім туралы сертификат) – Англия, Солтүстік Ирландия, Уэльс, Шотландия елдеріндегі оқу орындары ұсынатын және Еуропада, АҚШ-та, сондай-ақ әлемнің басқа да көптеген бөліктерінде кеңінен танылатын стандартты оқуды аяқтау біліктілігі. A-level екі жыл ішінде оқытылады және талапкерлердің Англия, Уэльс және Солтүстік Ирландия университеттерінің академиялық талаптарына сәйкестігін бағалауға арналған стандартты оқуға түсу біліктілігі болып табылады;

2.1.6. **талапкер** – конкурсқа қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға;

2.1.7. **сауалнама нысаны** – жеке кабинетте орналастырылған бакалавриат бағдарламасына түсуге арналған өтінім-сауалнама;

2.1.8. **колледж** – Қазақстанда жалпы орта және техникалық және кәсіптік білім беретін немесе орта білімнен кейін білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

2.1.9. **ECTS** (European Credit Transfer and Accumulation System – Еуропалық кредиттерді ауыстыру және жинақтау жүйесі) – Еуропалық Одақтың және осы жүйені пайдаланатын басқа да еуропалық елдердің аумағындағы жоғары оқу орындары студенттерінің академиялық үлгерімін салыстырудың стандартталған жүйесі;

2.1.10. **оқуға қабылдауға келісім нысаны** – талапкерлер оқуға түскені туралы хабарламаны алғаннан кейін толтыратын және қол қоятын, оқуға шақыруды қабылдау немесе одан бас тарту туралы мәлімдеу нысаны;

2.1.11. **кепілдік жарна** – бакалавриат бағдарламасы бойынша талапкерге білім алуға арналған орынға кепілдік беретін, мөлшері Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалатын міндетті төлем;

2.1.12. **IB Diploma Programme (IB DP)** (International Baccalaureate Diploma Programme – Халықаралық Бакалавриаттың дипломдық бағдарламасы) – студенттерге жоғары оқу орындарының бакалавриат бағдарламаларына түсуге мүмкіндік беретін жеделдетілген екі жылдық халықаралық білім беру бағдарламасы;

2.1.13. **IELTS** (International English Language Testing System – Ағылшын тілі бойынша халықаралық тестілеу жүйесі) – Британдық Кеңес, Кэмбридж Университеті ESOL және IDP Education Pty Ltd әкімшілік ететін, ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест. IELTS Online және IELTS Indicator немесе Тестілеу орталығына барып тапсырылмаған кез келген тестілеу түрі бакалавриат бағдарламасына қабылдау және іріктеу процесінің шеңберінде жүргізілмейді;

2.1.14. **NIS Grade 12 Certificate** – 12-сыныпты бітіргеннен кейін сыртқы жиынтық бағалау емтихандарын тапсырған оқушыларға Cambridge Assessment International Education-мен бірлескен бағдарламаны аяқтағаны туралы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының сертификаты;

2.1.15. **NUET** (Nazarbayev University Entrance Test) – Кэмбридждің оқуға түсу тестілерін бағалау жөніндегі бөлімшесі (The Cambridge Assessment Admissions Testing) әзірлеген, Математика және Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары бойынша стандартталған қабылдау емтиханы;

2.1.16. **Назарбаев Университетінің Университет алдындағы дайындық бағдарламасы (НУУАДБ)** – Университеттің бакалавриат бағдарламасына түсуге арналған Университеттің Дайындық мектебінің біржылдық жеделдетілген университет алдындағы дайындық курсы;

2.1.17. **НУУАДБ түлектері** – бакалавриат бағдарламасының бірінші жылына қабылдау үшін қойылатын талаптарға сәйкес келетін ағымдағы жылғы НУУАДБ-ның бұрынғы студенттері;

2.1.18. **жеке кабинет** – тіркеуді жүргізгеннен кейін талапкерге Университет сайтында жеке кеңістік ұсынатын дербес онлайн сервис;

2.1.19. **QS World University ranking** – Quacquarelli Symonds-та (QS) жарияланатын және жалпы рейтингті, сондай-ақ жекелеген пәндер бойынша рейтингті қарайтын университеттердің жыл сайынғы әлемдік рейтингі;

2.1.20. **SAT** (Scholastic Aptitude Test – Академиялық қабілеттерді айқындау емтиханы) – АҚШ-тың жоғары оқу орындарына қабылдауға арналған

стандартталған тест;

2.1.21. **Мектеп** – бакалавриаттың академиялық бағдарламаларын іске асыратын Университеттің мектебі;

2.1.22. **Superscoring** – ең жоғары жалпы балл алу үшін екі немесе одан да көп сертификаттардың барлық емтихан секциялары бойынша ең жоғары балдарды пайдалану;

2.1.23. **Тест әкімшісі** – стандартталған тесттерді әзірлеуге және әкімшілік етуге және тестілеуге, тексеру мен жеткізуге байланысты рәсімдерге жетекшілік етуге құқығы бар ұйым;

2.1.24. **Times Higher Education World University rankings** – Британияның Times Higher Education журналында жарияланатын және жалпы рейтинг пен пәндер бойынша рейтингті қарайтын университеттердің жыл сайынғы әлемдік рейтингі;

2.1.25. **TOEFL** (Test of English as a Foreign Language – Шет тілі ретіндегі ағылшын тілі бойынша халықаралық тест) – TOEFL iBT (Internet-based Test) және TOEFL PDT (Paper-delivered Test) нысандар болып табылатын Educational Testing Service (ETS) (Принстон, Нью-Джерси, АҚШ) әзірлеген ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест. TOEFL PDT ресми IELTS және TOEFL iBT өткізілмейтін елдерден келген шетелдік талапкерлерден ғана қабылданады. TOEFL iBT Home Edition бакалавриат бағдарламасына оқуға түсу үшін қабылданбайды;

2.1.26. **ауысатын студент** – Университеттің бакалавриат бағдарламасына түскісі келетін, Қазақстанда немесе шетелде орта білім алған және жоғары оқу орнында кемінде бір жыл оқуды аяқтаған студент;

2.1.27. **UK Foundation Programme** (Ұлыбританияның Университет алдындағы дайындық бағдарламасы) – студенттерге жоғары оқу орындарына/университеттерге бакалавриат бағдарламаларына түсуге мүмкіндік беретін университет алдындағы дайындықтың бір-екі жылдық бағдарламасы;

2.1.28. **бакалавриат бағдарламасы** – бакалавр академиялық дәрежесін беретін дипломмен расталатын төрт жылдық жоғары білім беру бағдарламасы;

2.1.29. **Университеттің сайты** – Университеттің интернет ресурсы, [www.nu.edu.kz](http://www.nu.edu.kz);

2.1.30. **Университет** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы.

### 3-бөлім. Негізгі ережелер

#### 3.1. Қабылдау шарттары

3.1.1. Бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3.1.2. Конкурстық іріктеу және құжаттарды қабылдау жүргізілетін қабылдау мерзімдерін жыл сайын Университет Мектептерінің декандары Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің келісімі бойынша бекітеді және Университеттің сайтына алдын ала орналастырады.

3.1.3 Конкурса келесі санаттардың біріне жататын талапкерлер қатыса алады:

- 1) SAT/ACT талапкерлері;
- 2) A-level/NIS Grade 12 Certificate түлектері немесе соңғы оқу жылының оқушылары. Оқуға қабылдау үшін тек осы сертификаттар бойынша соңғы балдар ғана қаралатын болады;
- 3) IB Diploma Programme бағдарламасының түлектері немесе соңғы оқу жылының оқушылары. Оқуға қабылдау үшін тек соңғы балдар ғана қаралатын болады;
- 4) ауысатын студенттер, жоғары оқу орындарында бакалавриат бағдарламасы бойынша оқитын немесе оқыған студенттер. Осы талапкерлерді оқуға қабылдау үшін оқу жылының сәйкестігін Қабылдау комиссиясы анықтайды;
- 5) осы Қағидалар мен рәсімдерге 2-қосымшаға сәйкес халықаралық және/немесе республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары;
- 6) NUET талапкерлері. NUET бойынша балл нәтижелерін ұсынған талапкерлер. NUET жөніндегі қағидалар мен рәсімдер осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5-бөлімінде жазылған;
- 7) НУУАДБ түлектері. Бұл санат осы Қағидалар мен рәсімдердің талаптарын толығымен орындамайды. НУУАДБ түлектерін қарау және қабылдау жөніндегі барлық рәсімдер осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5-бөлімінде жазылған.

3.1.4. НУУАДБ түлектерін қоспағанда, Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағында көрсетілген барлық талапкерлер осы Қағидалар мен рәсімдердің 1,3-қосымшаларда көрсетілген түсу талаптарына сай келу тиіс, бірақ келесі жағдайларды санамағанда:

- 1) конкурса қатысуға онлайн өтінім беру сәтінде Times Higher Education World University немесе QS World University rankings университеттерінің әлемдік академиялық рейтингтерінің ТОП-200 үздік ЖОО қатарына кіретін ағылшын тілінде оқытатын шетелдік жоғары оқу орындарында бакалавриат бағдарламасы бойынша кемінде бір жыл оқуын табысты аяқтаған талапкерлер. Осы талапкерлер ACT/SAT Reasoning Test және SAT Subject test, сондай-ақ IELTS/TOEFL нәтижелерін ұсынудан босатылады;
- 2) соңғы үш жылдың ішінде ағылшын тілі мемлекеттік тіл ретінде болып саналатын елде немесе оқыту тек ағылшын тілінде жүргізілетін оқу орындарында білім алған талапкерлер IELTS немесе TOEFL нәтижелерін ұсынудан босатылады. Осындай талапкерлерге қойылатын басқа талаптар осы Қағидалар мен рәсімдерге 1, 3-қосымшаларға сәйкес орындалуы тиіс;
- 3) осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.7-тармағының екінші абзацында көзделген жағдайда, осы Қағидалар мен рәсімдерге 1, 3-қосымшаларда көрсетілген қабылдау талаптарына сәйкес болуы тиіс.

3.1.5. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағының 1), 2), 3), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген талапкерлер Университеттің бакалавриат бағдарламасының бірінші оқу жылына қабылдауға қаралады. Сонымен қатар, талапкерлер тек қана бір академиялық бағдарламаға және білім деңгейіне

қабылдануы тиіс.

3.1.6. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген талапкерлердің немесе бакалавриат бағдарламасы бойынша оқитын немесе оқуды бітірген білім алушылардың кредиттерін аударуды Мектеп оқуға қабылдағаннан кейін анықтайды. Ауысу кредиттері ретінде ең көп дегенде 72 (жетпіс екі) ECTS кредиті қабылдануы мүмкін. Ауысу пәндеріне кредиттер тағайындалады, бірақ бағалар емес. Студенттің басқа университеттерде алған бағалары Университеттің орташа балын (GPA) және жалпы орташа балын (CGPA) есептеу кезінде ескерілмейді. Осы ереже Университеттің бакалавриат бағдарламасында оқыған бұрынғы студенттеріне қолданылмайды.

Кем дегенде бір семестрді аяқтаған және тәртіптік емес себептермен Университеттен өз еркімен шығарылған Университеттің бакалавриат бағдарламасының бұрынғы студенттері үшін екі ерекше шарт қолданылады:

1) Университеттен шығарылғаннан кейін 5 жыл ішінде бұрынғы студенттер Регистратор офисі белгілеген қайта қабылдау рәсімінен өтуі тиіс. Осы бұрынғы студенттер үшін Университеттің барлық ECTS кредиттері мен бағалары оларды қайта қабылдау рәсімінің бөлігі ретінде қабылданады;

2) Университеттен шығарылғаннан кейін 5 жыл өткен соң, бұрынғы студенттер осы Қағидалар мен рәсімдерде белгіленген шарттар мен рәсімдерге сәйкес жаңа студент ретінде қайта өтініш беруі керек.

3.1.7. Университет НУУАДБ түлектерінің санатын қоспағанда, осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4-тармағында көрсетілген талапкерлерден бакалавриат бағдарламасына конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар пакетін осы Қағидалар мен рәсімдерге 1, 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген талапкерлерге арналған құжаттар тізбесіне сәйкес қарайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайларына немесе осындай мүмкіндіктің болмауын растайтын басқа да жағдайларға байланысты, осы Қағидалар мен рәсімдерге 1- қосымшада көрсетілген және конкурстық іріктеу үшін талап етілетін қандай да бір емтихандарды өткізу мүмкін болмаған жағдайда, Қабылдау комиссиясы тиісті емтихандардың нәтижелерін ұсынбай-ақ, талапкерлердің құжаттарын қабылдауға құқылы. Мұндай жағдайларда Қабылдау комиссиясы осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген негізгі емтихандарды басқа баламалы емтихандармен алмастыруға құқылы. Бұл ретте Қабылдау комиссиясы Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында көрсете отырып, іріктеудің тиімді әдіснамасын және бағалау критерийлерін әзірлейді және қабылдайды.

## **3.2. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау тәртібі**

3.2.1. Бакалавриат бағдарламасына түсу бойынша конкурсқа қатысу үшін НУУАДБ түлектері санатынан басқа талапкерлерге порталда ([www.admissions.nu.edu.kz](http://www.admissions.nu.edu.kz)) өтінім беріп, көрсетілген мерзімге дейін Жеке кабинетте:

1) дербес деректерді өңдеуге келісімді қабылдау және жеке кабинетте орналастырылған аппликациялық нысанды толтыру;

2) Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тіркелу жарнасын төлеу. Бұл ретте тіркелу жарнасы қайтарылуға жатпайды;

3) осы Қағидалар мен рәсімдердің 3-қосымшасында көрсетілген онлайн өтінім беру кезеңінде талапкерлерге қажетті құжаттардың сканерленген көшірмелерін жеке кабинетке жүктеу. Құжаттар қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде ресімделмеген жағдайда, ағылшын тіліне нотариалды аудармасының сканерленген көшірмесі қоса берілуі тиіс;

4) жарамды IELTS немесе TOEFL iBT сертификаты нәтижелерін жеке кабинетте тест әкімшісі жүйесі арқылы тексеру және сертификаттардың сканерленген көшірмелерін жүктеу қажет. Қабылдау конкурсында тексерілген және Жеке кабинетке жүктелген соңғы тестілеу сертификаты ескеріледі.

Оқуға қабылданған студенттердің осы Қағидалар мен рәсімдерде талап етілетін және өтінім беру кезеңінде Жеке кабинетте жүктелген электронды құжаттарының көшірмелері Университеттің Регистратор офисіне электронды форматта қолжетімді болады және студенттің жеке папкасын қалыптастыру үшін пайдаланылады.

Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3-қосымшасында көрсетілген талапкерлердің оқуға түсуге арналған құжаттары Университеттің Регистратор офисіне беріледі және Университеттің белгіленген ішкі құжаттарына сәйкес студенттерге қайтарылуы тиіс.

3.2.2 Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.1-тармағында көрсетілген көрінеу жалған және/немесе толық емес деректерді және/немесе құжаттарды ұсыну конкурстан шығаруға немесе оқуға қабылданған жағдайда Университеттен шығаруға әкеп соғады.

3.2.3. НУУАДБ түлектерінің санатын қоспағанда, егер талапкер таңдалған санаттың түсу талаптарына сәйкес келмесе, бірақ бұл ретте осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағында көрсетілген басқа санаттың түсу талаптарына сәйкес келген жағдайда, осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағында көрсетілген талапкер санатын ерікті түрде өзгертуге Қабылдау комиссияларының қарауы кезінде және көрсетілген мерзімдерде Қабылдау комиссиясының сұрау салуы бойынша ғана жол беріледі.

3.2.4. Конкурс нәтижелері бойынша апелляцияны қарау рәсімі көзделмеген.

### **3.3. Мектептердің Қабылдау комиссиялары**

3.3.1. Мектептердің Қабылдау комиссияларының негізгі міндеттері:

1) осы Қағидалар мен рәсімдерде көрсетілген қабылдау талаптарына және Университет алдындағы дайындық бағдарламасының тыңдаушыларын Университет мектептерінің бакалавриат бағдарламаларына ауыстыру ережелеріне (бұдан әрі – Ауыстыру ережелері) сәйкес талапкерлерді бағалау әдістемесін бекіту;

2) 3.1.3-тармақта көрсетілген талапкерлердің барлық санаттарымен және талапкерлерді іріктеу әдіснамасына сәйкес рейтингісін бекіту;

3) Университетке оқуға қабылдауға ұсыным жіберу;

4) Ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын бағалау үшін халықаралық және/немесе республикалық олимпиадалардың жеңімпаздарымен, сондай-ақ таңдау бойынша Медицина мектебі және Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебінің талапкерлерін Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша сұхбаттасу өткізу;

5) осы Қағидалар мен рәсімдерде көзделген негізгі қызмет үшін қажетті өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

3.3.2. Әрбір Мектептің Қабылдау комиссиясының құрамын тиісті Мектептің деканы немесе оны алмастыратын тұлғасы қалыптастырады және ол Мектеп деканынан немесе оның тағайындаған тұлғадан, Мектеп өкілдерінен, сондай-ақ қажет болған жағдайда, Университет жұмыскерлерінің қатарынан құралады.

3.3.3. Қабылдау комиссиясының хатшысы Мектеп жұмыскерлерінің қатарынан тағайындалады. Хатшының дауыс беру құқығы жоқ.

3.3.4. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің саны тақ саннан, бірақ кемінде 5 (бес) адамнан құралуы тиіс.

3.3.5. Қабылдау комиссиясының құрамы мен Қабылдау комиссиясының хатшысы Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен бекітіледі. Қабылдау комиссиясының хатшысы болмаған жағдайда, Қабылдау комиссиясының төрағасы Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында осы ауыстыруды көрсете отырып, уақытша алмастыратын хатшыны тағайындайды.

3.3.6. Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Қабылдау комиссиясының жұмысын осы Қағидалар мен рәсімдерге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес ұйымдастырады және жоспарлайды.

3.3.7. Қабылдау комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттіктерін төрағаның орынбасары атқарады. Төраға да, төрағаның орынбасары да болмаған жағдайда, Төраға оның міндетін атқара алатын және төрағаның өкілеттігі мен міндеттеріне ие болатын тұлғаны тағайындайды.

3.3.8. Мектептердің Қабылдау комиссиясының отырыстары қажеттілігіне қарай төрағаның немесе төраға орынбасарының басшылығымен өткізіледі. Егер Қабылдау комиссиясының барлық құрамының қарапайым көпшілігі отырысқа қатысса, Қабылдау комиссиясының кворумы өткізілді деп есептеледі.

3.3.9. Қабылдау комиссиясының шешімдері отырысқа қатысқан Қабылдау комиссиясы мүшелерінің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда Қабылдау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары болған жағдайда, төраға болмағанда дауыстарды тең бөлу төраға орынбасарының шешімімен шешіледі.

3.3.10. Қабылдау комиссиясының мүшелері бейне және аудио конференциялар мен басқа да интерактивті байланыс құралдары арқылы отырыстарға, дауыс беруге және шешімдер қабылдауға қатысуға құқылы. Осы құралдардың көмегімен қатысу кворумды есептегенде және шешімді қабылдау кезінде ескеріледі. Қабылдау комиссиясының дауыс беруші мүшесі отырысқа қатысқанда қолданған интерактивті байланыс түрі Қабылдау комиссиясы



отырысының хаттамасында көрсетілуі тиіс.

3.3.11. Қабылдау комиссиясының шешімдері түпкілікті болып табылады және оны Қабылдау комиссиясының хатшысы отырыстың (отырыстардың) хаттамаларында тіркейді. Отырыстың (отырыстардың) хаттамалары Университет отырыстарының хаттамаларын жасау үшін белгіленген талаптарға сәйкес ресімделуі тиіс. Отырыстың (отырыстардың) хаттамалары жаңартылуы және барлық ұсынылған талапкерлердің, күту парағына енген талапкерлердің, оқуға шақыруды қабылдаған талапкерлердің, сондай-ақ шақырудан бас тартқан, қабылданбаған талапкерлердің тізімдерін қамтиды. Қабылдау комиссиясы отырыстарының жұмыс тілі ағылшын тілі болып табылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі хаттамаларға Қабылдау комиссиясының Төрағасы мен хатшысы немесе тағайындалған тұлға(лар) қол қояды.

3.3.12. Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамалары құпия болып табылады және өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау шеңберінде Университет жұмыскерлерін қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етілмеуі тиіс.

3.3.13. Қабылдау комиссиясы отырыстарының барлық хаттамаларын Қабылдау комиссиясының хатшысы тиісті түрде тігеді, нөмірлейді, сканерлейді және тіркейді және олар Университет архивіне тапсырылғанға дейін олардың сақталуына жауапты Студенттерді оқуға қабылдау департаментінде сақталады.

### **3.4. Конкурса қатысушылардың өтінімдерін қарау тәртібі**

3.4.1. Талапкердің құжаттары осы Қағидалар мен рәсімдерге 1, 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген қабылдау талаптарына сәйкес болған жағдайда талапкер конкурса жіберіледі.

Оқуға қабылданған талапкерлердің құжаттары Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен қайтаруға жатпайды. Қабылдау комиссиясы және Студенттерді оқуға қабылдау департаменті қажет болған жағдайда қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

3.4.2. НУУАДБ түлектерін қоспағанда, бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдауға талапкерлерді іріктеу процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Студенттерді оқуға қабылдау департаменті осы Қағидалар мен рәсімдерге 1, 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген тізімге сәйкес талапкерлердің құжаттарын қарау және оларды бакалавриат бағдарламасына түсудің ең төменгі қабылдау талаптарына сәйкестігін тексеру. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті стандартталған тест нәтижелерін тест әкімшілерінің дерекқорына кіру арқылы тексереді.

Студенттерді оқуға қабылдау департаменті талапкерлерді іріктеудің келесі кезеңіне қатысуға жіберместен бұрын таңдалған санатқа сәйкес ең төменгі түсу талаптарына сәйкес келетін талапкерлердің талап етілетін құжаттар пакетін электронды түрде Қабылдау комиссиясына ұсынуды қамтамасыз етеді. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Қабылдау комиссиясына Мектепті бірінші таңдау ретінде көрсеткен талапкерлердің құжаттарын ұсынады. Мектепті екінші таңдау ретінде көрсеткен талапкерлер Қабылдау комиссиясының сұрауы

бойынша ғана қаралады;

2) халықаралық және/немесе республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары үшін Қабылдау комиссиясы мүшелерімен жеке немесе бейне конференц байланыс арқылы сұхбаттасу өткізу. Тағайындалған сұхбат алушылар саны бір сұхбат алынатын талапкерге 2 адамнан кем болмауы тиіс. Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша Медицина мектебінің және Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебінің кейбір талапкерлері Қабылдау комиссиясының мүшелерімен сұхбаттасуға шақырылуы мүмкін;

3) Қабылдау комиссиясының мүшелері талапкерлердің құжаттарын зерделейді және бағалайды, кейіннен оқуға қабылдауға ұсыным беру үшін бекітілген әдістемеге сәйкес талапкерлердің рейтингін айқындайды. Мектептердің Қабылдау комиссиялары талапкерлердің қабылдау талаптарына сәйкестігін, стандартталған тестілердің нәтижелерін, осы Қағидалар мен рәсімдерге 3-қосымшада көрсетілген құжаттардың мазмұнын, сондай-ақ сұхбаттан өту қорытындылары бойынша алынған бағалау нәтижелерін (егер қолданылса) негізге ала отырып, осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағында көрсетілген талапкерлерді, нақты санаттың талаптары негізінде оқуға қабылдауға ұсынады.

Талапкерлердің академиялық нәтижелері тең болған жағдайда, Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша талапкердің басқа да академиялық жетістіктері (халықаралық стандартталған тест нәтижелері, пәндік олимпиадалардағы жүлделі орындар, ғылыми-зерттеу жобалары және т.б.), сондай-ақ академиялық емес жетістіктері (спорт, әлеуметтік жұмысқа қатысу) ескерілуі мүмкін.

3.4.3. Мектептердің Қабылдау комиссиялары конкурс нәтижелері бойынша және шешімдердің негізінде Қабылдау комиссиясы бекіткен рейтингке сәйкес талапкерлерді оқуға қабылдауға ұсынады. Осы талапкерлерге, НУУАДБ түлектерінен басқа, Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Қабылдау комиссиясының қабылдаған шешімі туралы хабарлама жібереді. Оқуға қабылдау шарттары оқуға шақыру хатында көрсетіледі. Оқуға қабылдау туралы шақырту хатында көрсетілген оқуға қабылдау шарттарын белгіленген мерзімге дейін орындамау талапкерлерді осы Қағидалар мен рәсімдерге сәйкес конкурсқа қатысу құқығынан айырады.

3.4.4. Оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлердің саны Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген бакалавриат бағдарламасына бөлінген орындар санынан аспауы керек.

3.4.5. Оқуға қабылдауға ұсынылғандардың қатарына кірмеген, бірақ бакалавриат бағдарламасына оқуға түсу талаптарына сай келетін талапкерлерден Қабылдау комиссиясы бекіткен талапкерлердің рейтингісіне сәйкес күту парағы жасалады. Оқуға қабылдауға ұсынылған немесе оқуға қабылданған талапкерлердің тізімінен орындар босаған жағдайда, Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің білім беру гранттары санына сәйкес бос орындарды толтыру үшін күту парағынан талапкерлерді рейтингісі бойынша көтеру және бакалавриат бағдарламасына оқуға шақыруларды жіберуге құқығы бар. Күту парағындағы талапкерлер гранттарға немесе ақылы негіздегі қосымша конкурсқа

қатыса алады.

3.4.6. Қабылдау комиссиясы оқуға қабылдауға ұсынған, оқуға шақыруды алған талапкерлер Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген кепілдік жарнаны алдын ала төлеп, оқуға қабылдауға келісімнің тиісті нысанын Университетке жіберу арқылы оқуға шақыруларда көзделген мерзімдерде Университетте оқуға шақыруды қабылдағаны немесе одан бас тартқаны туралы ресми түрде хабарлайды. Оқуға қабылдауға келісім нысанын ұсынбаған немесе кепілдік жарнаны төлемеген жағдайда, талапкер оқуға қабылданбайды.

3.4.7. Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер оқуға шақыруда көрсетілген мерзімдерде, олар жеке кабинетте жоқ жағдайда, осы Қағидалар мен рәсімдердің 3-қосымшасында көрсетілген құжаттардың сканерленген және нотариалды расталған көшірмелерін, сондай-ақ осы Қағидалар мен рәсімдердің 3-қосымшасында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне ұсынады.

3.4.8. Қазақ немесе орыс тілдерінен басқа, шет тілінде ұсынылатын құжаттар ағылшын тіліне аударылуы тиіс. Мұндай аударманың дұрыстығын нотариалды куәландыру керек.

3.4.9. Оқуға қабылдауға ұсынылмаған талапкерлерге қабылданған теріс шешім туралы хабарламалар жіберіледі.

3.4.10. Талапкерлерді оқуға қабылдау Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен рәсімделеді. Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаменті оқуға қабылдау туралы шешімді дайындайды. Сонымен бірге, талапкерге ақылы оқу ұсынылатын жағдайларды қоспағанда, егер талапкер НУУАДБ-ға да өтінім берген жағдайда бакалавриат бағдарламасын оқуға шақыруды қабылдағаннан кейін талапкер автоматты түрде НУУАДБ конкурсынан шығарылады және керісінше. Талапкерлер тек бір академиялық бағдарламаға және/немесе білім деңгейіне ғана қабылдана алады.

3.4.11. Талапкерлерге Университеттің білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ ақылы негізде оқуға қабылдау Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

3.4.12. Бұрын мемлекеттік грант негізінде бакалавриат дәрежесін алған талапкерлер Университеттің бакалавриат бағдарламасына мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға қабылдана алмайды.

3.4.13. Талапкерлер ерекше жағдайларда IB, A-level қорытынды дипломысыз және/немесе транскриптісіз және бакалавриат бағдарламасының академиялық күнтізбесіне сәйкес бірінші күзгі семестрдің соңына дейін қорытынды транскрипт пен диплом беру міндеттемесімен шартты түрде оқуға қабылдануға құқылы. Осы шартты орындамаған студенттер оқу бағдарламасынан шығарылады. Мектептер мен Студенттерді оқуға қабылдау департаменті қабылдау шарттарының орындалғаны немесе орындалмағаны туралы бір-біріне хабарлауы керек.

### **3.5. NUET рәсімдеріне қойылатын талаптар**

3.5.1. NUET-ке қатысу үшін талапкер сауалнама нысанында NUET санатын тандап, тестті тапсыру орнын таңдауы тиіс.

3.5.2. NUET-ке қатысу үшін, NUET санатының талапкері осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген ең төменгі талаптарға сай IELTS/TOEFL нәтижелерін ұсынуы тиіс. IELTS/TOEFL нәтижелері ең төменгі талаптарға сай келмейтін талапкерлер NUET-ке қатыса алмайды.

3.5.3. Талапкерлер Тест әкімшісі бекіткен қағидалар мен рәсімдерде көзделген тестілеуден өту талаптарын сақтауға міндетті. Тестілеуден өту талаптары Университеттің сайтында жарияланады, сондай-ақ тестілеу өткізілгенге дейін талапкерлерге электрондық пошта арқылы жіберіледі.

3.5.4. Тестілеудің форматына қарамастан (онлайн немесе офлайн), талапкерлер тестке тіркелу барысында жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсына отырып, тіркеу кезінде авторизация рәсімінен өтуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда, талапкер тестілеуден өтуге жіберілмейді.

3.5.5. Тестілеуден өтудің аталған талаптарын бұзған талапкерлердің қорытындыларын Тест әкімшісі немесе Қабылдау комиссиясы жояды. Қорытындыларды жою талапкерді болашақта Университетке өтінімді қайта беру құқығынан айырады.

3.5.6. Тест әкімшілері NUET тест нәтижелерін әкімшілендіру мен өңдеуді жүргізеді және бағалайды.

3.5.7. NUET-тен өткеннен кейін талапкерлер тестілеу нәтижелері туралы электрондық пошта бойынша тиісті хабарлама жіберу және талапкердің жеке кабинетінде жариялау арқылы хабардар етіледі.

3.5.8. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 1-қосымшасында көрсетілген NUET бойынша ең төменгі балдарды ала алмаған талапкерлер, осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.3-тармағында көрсетілген басқа санаттың талаптарына сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, конкурстан одан әрі қараудан шығарылады.

### **3.6. НУУАДБ түлектерінің санатын қарау шарттары**

3.6.1. НУУАДБ түлектері өтініштерді қабылдау порталы ([www.admissions.nu.edu.kz](http://www.admissions.nu.edu.kz)) арқылы тікелей өтінім бермейді және құжаттарды Студенттерді оқуға қабылдау департаменті мен Қабылдау комиссиясының қарауына тіркемейді. НУУАДБ түлектерін қабылдау үшін сауалнама нысаны талап етілмейді. НУУАДБ түлектері жөніндегі барлық деректер Регистратор офисінде сақталады.

3.6.2. НУУАДБ түлектері санатының тізімін Регистратор офисі дайындайды және Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне жібереді.

3.6.3. НУУАДБ түлектері Университет Мектептерінің бакалавриат бағдарламаларына Университет алдындағы дайындық бағдарламасының тыңдаушыларын ауыстыру қағидаларында жазылған талаптарға сәйкес келуі тиіс.

3.6.4. НУУАДБ түлектері Университеттің бакалавриат бағдарламасының бірінші оқу жылына қаралуы тиіс.

3.6.5. Қабылдау комиссиясы НУУАДБ түлектерін осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.3.1-тармағына сәйкес қарастырады.

3.6.6. НУУАДБ түлектерінің санаты бойынша Қабылдау комиссияларының шешімдері Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне және Регистратор офисіне жіберілуі тиіс.

3.6.7. Регистратор офисі НУУАДБ түлектері санатының талапкерлеріне Қабылдау комиссияларының шешімі туралы хабарлауы және бакалавриат бағдарламасына оқуға шақыру хаттарын жіберуі тиіс.

3.6.8. НУУАДБ түлектерін оқуға қабылдау туралы шешімді Регистратор офисі жүзеге асырады.

3.6.9. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті НУУАДБ түлектерінің дербес деректеріне қол жеткізе алмайтынын ескере отырып, осы студенттер бойынша статистикалық деректерді Регистратор офисі дайындайды.

### **3.7. Академиялық жыл ортасында оқуға қабылдау**

3.7.1. Бакалавриат бағдарламасының академиялық күнтізбесіне сәйкес көктемгі семестрге ақылы негізде оқуға түсетін талапкерлерді қосымша іріктеу үдерісін Қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

3.7.2. Конкурс өткізілетін қабылдау кезеңін жыл сайын Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен келісім бойынша бакалавриат бағдарламасының әрбір Мектептің Қабылдау комиссиясы алдын ала бекітеді және Университет сайтында орналастырады.

3.7.3. Талапкерлер бакалавриат бағдарламасының конкурсына осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген санаттар бойынша ақылы негізде қатыса алады және конкурсқа қатысу үшін осы Қағидалар мен рәсімдердің 1,2 және 3-қосымшаларында көрсетілген талаптарға сай болуы қажет. Осылайша, «NUET талапкерлерінің» санаты жыл ортасынан қабылдауға өтініш берген ағымдығы күнтізбелік жылдағы NUET нәтижелерімен ғана қатыса алады.

3.7.4. Ақылы негізде оқуға өтінім беру процесі осы Қағидалар мен рәсімдердің 3-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

3.7.5. НУУАДБ түлектерін қоспағанда, бакалавриат бағдарламасына қабылдау үшін іріктеу процесі 3.4-тарауда көрсетілгендей реттеледі.

3.7.6. Талапкерлерді ақылы негізде оқуға қабылдау Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен бекітіледі.

3.7.7. Көктемгі семестрде ақылы негізде бакалавриат бағдарламасына түсетін және оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер қабылдау кезінде «Назарбаев Университеті» білім беру грантына және басқа да стипендияларды тағайындау бойынша іріктеуге қатыспайды.

## **4-бөлім. Босату**

4.1. Провосттың осы Қағидалар мен рәсімдерде көрсетілген кейбір ережелерден босатуға құқығы бар.

### **5-бөлім. Уақытша ережелер**

5.1. Қолданылмайды.

### **6-бөлім. Қайта қарау**

6.1. Осы Қағидалар мен рәсімдер қабылдау кезеңі бекітілгеннен және аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде қаралуы және қажет болған жағдайда қайта қаралуы тиіс.

### **7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар**

7.1. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жарғысы, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет және білім алушылардың жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды дайындау қағидалары және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет және білім алушылардың жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды дайындау рәсімі.

«Назарбаев Университеті»  
 дербес білім беру ұйымының  
 бакалавриат бағдарламасына  
 оқуға қабылдау қағидалары мен  
 рәсімдеріне  
 1-қосымша

**Назарбаев Университетінің Мектептеріне бакалавриат  
 бағдарламасына оқуға түсу конкурсына қатысуға қойылатын ең төменгі  
 қабылдау талаптары**

**1. SAT/ACT талапкерлеріне арналған ең төменгі қабылдау талаптары**

<b>SAT Reasoning Test және ACT үшін ең төменгі қабылдау талаптары</b>	<b>IELTS немесе TOEFL үшін ең төменгі қабылдау талаптары</b>
SAT Reasoning Test – 1240-тан кем емес.  немесе  ACT– жалпы балл 26-дан кем емес	IELTS – жалпы балл 6.5-тен кем емес (әрбір секция бойынша балл 6.0- ден кемемес)  немесе  TOEFL iBT - 79 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес)

**2. A-level/INIS Grade 12 Certificate түлектері үшін балл бойынша ең төменгі қабылдау талаптары**

<b>NIS Grade 12 Certificate балдарыбойынша ең төменгі қабылдау талаптары</b>	<b>IELTS және TOEFL үшін ең төменгі қабылдау талаптары</b>
Кез келген пән бойынша ABB- дан кем емес	IELTS – жалпы балл 6.5-тен кем емес (әрбір секция бойынша балл 6.0-ден кемемес)  немесе  TOEFL iBT - 79 (оқу (reading) – 13- тен кем емес, тыңдау (listening) – 12- ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18- ден кем емес, жазу (writing) – 21- ден кем емес)

**3. IB Diploma Programme түлектері және оқушылары үшін балл бойынша ең төменгі қабылдау талаптары**

<b>IB DP үшін балдар бойынша ең төменгі қабылдау талаптары</b>	<b>IELTS және TOEFL үшін ең төменгі қабылдау талаптары</b>
Жалпы балл 30-дан кем емес және ілгері деңгейдегі 3 пән бойынша 4, 4, 5	<p>IELTS – жалпы балл 6.5-тен кем емес (әрбір секция бойынша балл 6.0-ден кем емес)</p> <p>немесе</p> <p>TOEFL iBT - 79 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес)</p>

**4. Ауысатын студенттер үшін ең төменгі қабылдау талаптары**

<b>SAT Reasoning Test және ACT үшін ең төменгі қабылдау талаптары</b>	<b>IELT немесе TOEFL үшін ең төменгі қабылдау талаптары</b>	<b>GPA бойынша қабылдау талаптары</b>
<p>SAT Reasoning Test – 1240- тан кем емес</p> <p>немесе</p> <p>ACT–жалпы балл 26-дан кем емес</p>	<p>IELTS – жалпы балл 6.5-тен кемемес (әрбір секция бойыншабалл 6.0-ден кем емес)</p> <p>немесе</p> <p>TOEFL iBT - 79 (оқу (reading) – 13- тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес)</p>	GPA 4.00- ден 2,75-тен кем емес

**5. Барлық мектептердің халықаралық және республикалық пәндік олимпиадаларының жеңімпаздары болып табылатын талапкерлер үшін ең төменгі қабылдау талаптары\*\***

<b>Олимпиада</b>	<b>Медаль</b>	<b>IELTS немесе TOEFL үшін ең төменгі қабылдау талаптары</b>
Республикалық	Ағымдағы академиялық жыл бойынша алтын және күміс медальдары (I, II орындар)	талап етіледі, ең төменгі өту балы жоқ
Халықаралық	Соңғы 3 жыл бойынша алтын, күміс және қола медальдары (I, II, III орындар)	

**6. Барлық мектептердің талапкерлері үшін NUET санаты талапкерлерінің ең төменгі «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері**



## қабылдау талаптары

NUET	Жалпы ең төменгі балл	Әр пән бойынша ең төменгі балл	IELTS немесе TOEFL үшін ең төменгі қабылдау талаптары
Математика	130	60	IELTS – жалпы балл 6.5-тен кем емес (әрбір секция бойынша балл 6.0-ден кем емес)  немесе  TOEFL iBT - 79 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес)
Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары		60	

\* Конкурсқа қатысу үшін тек жарамды сертификаттар ғана есепке алынады және тек тестіледі. Тестілеу орталығында жеке тапсыру шартымен ғана қабылданады.

\*\* Халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары бір мезгілде олимпиаданың екі түрі бойынша конкурсқа қатыса алады.

«Назарбаев Университеті»  
дербес білім беру ұйымының  
бакалавриат бағдарламасына оқуға  
қабылдау қағидалары мен  
рәсімдеріне  
2-қосымша

### **Халықаралық пәндік олимпиадалардың тізбесі**

1. Математикадан халықаралық олимпиада (IMO)
2. Физикадан халықаралық олимпиада (IPhO)
3. Химиядан халықаралық олимпиада (IChO)
4. Биологиядан халықаралық олимпиада (IBO)
5. Информатикадан халықаралық олимпиада (IOI)
6. Мамандандырылған мектептердің оқушыларына арналған математика, физика және информатика пәндері бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасы
7. Оқушылардың химиядан халықаралық Менделеев олимпиадасы

### **Қазақстан Республикасының республикалық пәндік олимпиадаларының тізбесі**

1. Математикадан республикалық олимпиада
2. Физикадан республикалық олимпиада
3. Химиядан республикалық олимпиада
4. Биологиядан республикалық олимпиада
5. Информатикадан республикалық олимпиада

«Назарбаев Университеті»  
 дербес білім беру ұйымының  
 бакалавриат бағдарламасына  
 оқуға қабылдау қағидалары  
 мен рәсімдеріне  
 3-қосымша

### **Конкурсқа қатысуға онлайн өтінім беру кезеңінде талапкерлерге арналған құжаттар тізбесі**

- 1) Сауалнама нысаны;
- 2) паспорттың немесе жеке куәліктің, немесе 16 жасқа толмаған талапкерлердің тууы туралы куәлігінің сканерленген көшірмесі;
- 3) жалпы орта білім туралы немесе колледждің мемлекеттік үлгідегі құжаттың қосымшасы бар нотариалды расталған сканерленген көшірмесі немесе оның халықаралық баламасы, A-level немесе UK Foundation Programme сертификаты (құжаттарды тапсыру сәтінде болған жағдайда) немесе Жеке кабинеттегі үлгіге сәйкес оқу орнынан анықтама (тек өтініш берген сәтте бітіруші сынып/курс оқушылары болып табылатын талапкерлер үшін ғана);
- 4) NIS Grade 12 Certificate-ның сканерленген және нотариалды расталған көшірмесі немесе оның болжамды нәтижесі мектеп растаған бағалармен, кейіннен қағаз нұсқасында құжатты уақтылы ұсыну міндеттемесімен (тек NIS Grade 12 Certificate иегер түлектері үшін ғана);
- 5) қосымшасы бар IB Diploma Programme нотариалды расталған сканерленген көшірмесі немесе оның болжамды нәтижесі мектеп растаған бағалармен, кейіннен қағаз нұсқасында құжатты уақтылы ұсыну міндеттемесімен (тек IB Diploma Programme түлектері үшін ғана);
- 6) ағылшын тіліндегі уәждеме хаттың сканерленген көшірмесі;
- 7) жарамды ACT сертификатының немесе тест әкімшісінің жүйесінен жүктелген SAT Reasoning Test балдарының тексерілген нәтижелері. ACT және SAT сертификаттарының жарамды мерзімі конкурсқа қатысуға онлайн өтінім берген сәтінде 3 жылдан аспауы тиіс. Егер талапкер бірнеше жарамды SAT Reasoning Test нәтижелерін ұсынса, Superscoring қолданылады;
- 8) тест әкімшісінің жүйесінде расталған жарамды IELTS немесе TOEFL сертификаты (конкурсқа қатысуға онлайн өтінімді жүктеген сәтте 2 жылдан артық емес) немесе жарамды TOEFL PDT сканерленген көшірмесінің нәтижесі;
- 9) халықаралық және/немесе республикалық олимпиадалар дипломының/сертификатының электрондық сканерленген көшірмесі (тек осы Қағидалар және рәсімдерге 2-қосымшада көрсетілген олимпиадалардың жеңімпаздарына ғана ұсынылады);
- 10) түпнұсқа және ағылшын тілінде оқытатын университеттен алынған транскрипттің сканерленген көшірмесі немесе оқу орны растаған бағалары бар оның болжамды нәтижесі (тек ауысатын студенттер ғана ұсынады);

11) оқытылған курстардың (пәндердің) екі тілдегі сипаттамасының сканерленген көшірмесі: түпнұсқа және ағылшын тілінде (тек ауысатын студенттер ғана ұсынады).

**Оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлерге арналған  
күжаттардың тізбесі**

1. Қосымшамен бірге жалпы орта, техникалық және кәсіби білімі туралы мемлекеттік үлгідегі күжаттың немесе оның халықаралық баламасының түпнұсқасы;
2. A-level /NIS Grade 12 Certificate-ның түпнұсқасы (тек A-level /NIS Grade 12 Certificate түлектері үшін ғана);
3. IB Diploma Programme-ның түпнұсқасы (тек IB Diploma Programme түлектері үшін ғана).